өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата – аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана», «Дүкенші», «Отбасы» ойындары, «Кітапхана», «Спорт» ,«Қазақы үй», «Табиғат», «Біз кезекшіміз» бұрыштары сюжеттік рөлдік ойындардың құрал-жабдықтары жинақталған, аквариумдағы балықтар, бөлме өсімдіктері өсіріледі. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел-үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел-үсті театрлар, көлеңкелі, қолғап, алжапқыш театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған. Топ құжаттары талапқа сай жинақталған. Ата-аналармен жұмыс, мектеппен сабақтастық жоспарлары құрылып, өткізілген кеңестер, дөңгелек үстел, баяндамалар, ертеңгіліктер, сауалнамалар папкаға жинақталып хаттамалары толтырылған.











Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұлбаланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне,оны дамытумақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып,өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.










**Дамытушы орта мыналарды:**

• Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды;
• инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды;
• білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;
• балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көпатқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ортаңғытопта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қолеңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

2) ересек және мектепалды даярлық топтарында (сыныптарында):

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар,сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әр түрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар,боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел-үсті
ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әр түрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, лентадаржәнет.б.). Олар ойын барысында балалардың әр түрлі креативті идеяларын іске асыруда,шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әр түрлі материалдармен байыту ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды топтарында заттық-кеңістіктік ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы No70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарақтандыру ұсынылады.

**Үйірме жұмысының мақсаты:**

Мектепке дейінгі ұйымдардың тақырыптық бағыты бойынша жұмыс, педагогтердің шығармашылық жұмыстары, эксперимент жұмыстары, дарынды балалармен жұмыс, ұйымдастырылған іс-әрекеттерінен тыс балалардың қызығушылығы және қазақ және орыс тілдерін,ағылшын тілдерін үйрету , адам бұлшықетінің дамуына ,физикалық эмоцияларды жинақтауға ,ақыл ой-өрісін , сөйлеу кемістігі бар балалармен түзету-тәрбие жұмысын зейінін дамыту бойынша жұмысы болып табылады.

Үйірме жұмысы мектеп жасына дейінгі баланың жеке мінез-құлқын қалыптастырады және олардың тұлғалық ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескереді.

| p/c | Үйірме атауы | Жетекшісі | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | «Таэквандо» | Карпов К.Н | Аптасына 3рет |
| 2 | «Английский язык» | Рейх-Мушатова А.Э | Аптасына 3рет |
| 3 | «Хореография» | Усенгалиева А.С | Аптасына 3 рет |
| 4 | «Логопедия» | Фоменко И.В | Аптасына 3 рет |

## «Английский язык»







## «Логопедия»





## «Хореография»








**«Таэквандо»**






Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін сыныпта балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыру ұсынылады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына,тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға жәнет.б. мүмкіндік беру маңызды.

Тиімді ұсыныс

♣кітап бұрышын жасау

♣толықтыруға ата-аналарды тарту

♣кітапты уақытша пайдалануға үйге беру

♣ буккроссинг ұйымдастыру

♣сыныпта ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау

**Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.**

Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер жинақталған.

1)Мекеме төмендегі басылымдарға жазылады: «Ұстаз», «Ақтөбе» «Ана тілі», «Отбасы және балабақша», «Мектепке дейінгі білім», «Егеменді Қазақстан», «Мұғалжар», «Казакстанская правда», «Мектепке дейінгі ұйымның басшысының анықтамалығы»

2).Балалардың ой-өрісін, танымдық қабілеттерін дамытатын «Кітапхана» бұрышы жабдықталған.Ол жерде «Ғажайып ертегі», «Атадан өсиет, анадан қасиет» кітапшалары, математикалық және ойлау қабілеттерін дамытатын «Он көлеміндегі сандар», «Ақылды ертегілер», «Бөбектерге арналған қызықты ертегілер», «Қазақ халық ертегілері» және т.б. көптеген ертегі кітаптары мен суретті кітапшалары бар.

**Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Балабақшамызда үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес бала өмірін қорғау және қауіпсіздігін сақтау, денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық - кеңістіктік дамытушы орта – әр баланың жеке тұлға болып дамуына жағдай жасалған. Әр топта баланың дамуына оның жасы, психофизикалық дамуы жағдайына қауіпсіз ортаның болуы баса назарға алынған. Барлық жабдықтармен мен ойын құралдары аймақтарда дұрыс орналасқан. Заттық – кеңістіктік ортаға қойылатын жалпы қауіпсіздік, қолжетімділік, әртүрлілік, мазмұндылық, өзгермелі талаптары сақталған.

Террористік тұрғыдан осал обьектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспорты жасалған. Сондай-ақ, балалардың қауіпсіздігі үшін бейнебақылау және күзет қызметі субьектілерін орталықтандырылған бақылау пультіне жасырын сигнал беруге мүмкіндік беретін дабыл беру құралымен («дабыл түймелері») жарақтандырылған. Өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Өрт қауіпсіздік, өрт сөндіру жүйелеріне техникалық қызмет көрсету» бойынша келісімшарт жасалып, тиісті деңгейде қызметтерін атқаруда.
Тәртіппен тәрбиенің ұштасуы қауіпсіз қоғамды қалыптастырады. Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілген.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның дәліздерінде, кіреберіс есіктер мен балабақша ауласының аумағында толық бейнебақылау камералары қондырылған .

Балабақшаның бөлмелері жарық пен жылумен қамтамасыз етілген. Бұл балалардың қауіпсіздігі үшін жасалған игі істер. Тәртіппен тәрбиенің ұштасуы қауіпсіз қоғамды қалыптастырады. Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілген. Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту бойынша төтенше жағдайлар бойынша балалармен түрлі іс-шаралар жоспарланып,өткізілуде. «Қауіпсіз балабақша»(қуыршақ театры), «Біздің айналамыздағы қауіпсіз әлем» , «Оттан аулақ бол»Жол -көлік жарақатынан сақтандыру бойынша балалармен жоспарлы түрде «Көшедегі мінез-құлық ережесі»(ойын-сауық) ортаңғы топтарда, «Жол жүру ережесі» ересек топтарында, «Жолдағы оқиғалар мен жол белгілері» мектепалды тобында, және де Жол қозғалысы үшін қажетті көрнекі құралдарды әзірлеу,көрме ұйымдастыру жұмыстары жыл бойына жоспарланған. «Сақ бол, бағдаршам!» топтарда көрмме ұйымдастырылды. «Жаяу жүргіншілер мектебі» тақырыбында ортаңғы топтарда , «Сақ бол,көктайғақ!» педагог-тәрбиешілердің арасында , «Ертегілер әлеміне жол жүру тәртібі керек» ойын іс-әрекеті,«Бағдаршам әлемі» тақырыбында сурет салу конкурсы өтті.Сәуір айында «Бағдаршам әлемі» авторлық бағдарламасының мақсатын жүзеге асыру бойынша әдіскер Г.С. Бисенова есеп берді. Сондай-ақ түрлі мерекелік шаралар өткізіліп отырылды.

**Материалдық - техникалық базасы**

ЖШС «МДҰ Кен и Барби» балабақшасында тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуға жағдай жасалынған.

Балабақша әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына көңіл бөледі. Балабақшада дене тәрбиесі мен музыка залы қарастырылған, сондай-ақ меңгеруші, есеп, әдіскер-психолог, медициналық кабинет, қабылдау кабинеті, кір жуу, ас дайындау бөлімі бар.

Балабақшаның материалдық –техникалық базасы толықтырылып отырады. Балабақшада 2 компьютер, 1 моноблок,3 принтер, 3 сканер, 3 ксерокөшірме бар. Топтар парта, стол, отырғыш, кереует, шкафтармен жабдықталған.Топтарда дамытушы орта мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 дағды бойынша безендірілген.

Балабақшада қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина-1, тоңазытқыштар-3, газ плита-2, теледидар-1,мұздатқыш-3, кондиционер -1,сейф-1,үтік-2, кварц-3 жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, жыл сайын жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жабдықталған, СанПин талаптарына сай.

Балабақша медициналық құрал-жабдықтармен ,арнайы кабинет бар.Медициналық бөлме қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған.Дезинфекциялық құралдарды дайындауға арналған бөлме толық жабдықталған.Бөлмеде мұздатқыш бар.Балаларға медициналық көмек көрсету үшін 0,5 медбике штат бірлігі жұмыс жасайды.Медбикенің медициналық арнаулы білімдері,медициналық білім қызметіне сертификаттары бар.Он күндік ас мәзірі құрастырылған,мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекіткен.

Мектепке дейінгі мекеме әкімшілігі балабақшаның 2-қабатында
*Мектеп* жасына *дейінгі* балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге , қауіпсіздік негіздерін үйренуге бағытталған «жол қауіпсіздік ережелері» бұрышы жабдықталған.. Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырылады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, видео, музыка орталығы, үнтаспамен барлық топтар жабдықталған.

Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел-үсті және -әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел-үсті театрлар, көлеңкелі, қолғап, алжапқыш театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған. Топ құжаттары талапқа сай жинақталған. Ата-аналармен жұмыс, мектеппен сабақтастық жоспарлары құрылып, өткізілген кеңестер, дөңгелек үстел, баяндамалар, ертеңгіліктер, сауалнамалар папкаға жинақталып хаттамалары толтырылған.

Тәрбиеленушілерді құқықтық тәрбиелеу, білім беру ұйымында тәрбие жұмысын құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету барысында педагогикалық кеңесте мәселе етіп қойылып, талқыланған «Ата-аналармен құқықтық тәрбие бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыбына слайдтар, әр тоқсан сайн жиналыстарда сауалнама жүргізіледі. «Интеллектум» атты жылжымалы папкалар дайындалған. Мектепке дейінгі мекемеде кеңістік – пәндік ортаны дайындау барысында «Бала құқығы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер», «Террористік қауіптің деңгейлері», «Медиация бұрышы», «Бала мен балабақша», «Ата-аналар, сіздер үшін», «Денсаулық бұрышы», «Кәсіподақ бұрышы», «Біздің мақтанышымыз», «Қауіпсіздік бұрышы», «Жол ережелері» атты мемлекеттік белгілер мен тақырыптық стендтер орнатылған.

Ерекше балаларға кешенді психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету, сенсорлық және ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында этнопедагогика және психолог бөлмесі жабдықталған. Психологиялық –медициналық – педагогикалық комиссиясының қорытындысы бойынша балабақшада ерекше білімді қажет ететін тәрбиеленуші жоқ. Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талғамға сай . Аудиотека, видеотека бойынша қазақ және орыс тілдерінде ертегілер, жаңылтпаштар, санамақтар, сергіту сәті дискілердің данасы жинақталған. Мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік

бөлме заман талабына сай жиһаздармен, компьютермен, әдістемелік әдебиеттер және балалар көркем әдебиеттерімен жабдықталған.

Әдістемелік бөлмеде тәрбиешілердің іс-тәжірибиесі: видеотека, ашық көрсетілімдері, семинарларда өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған. Мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік жұмыс, басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі мекеменің аналитикалық жұмысжүйесі, әдістемелік құжаттардың толықтығын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құралдар, кітаптар бар. Мекемеде кітапхана бұрышы жабдықталған арнайы орын бар, балабақша арнайы әдістемелік басылым журналдарымен толықтырылуда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сай балаларға керекті құрал-жабдықтар жинақталған, әдістемелік көрнекіліктер жеткілікті. Көрнекіліктер А3 форматында салынған, эстетикалық көркемделуі жағынан талаптарға сай. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай безендірілген. Мектепкедейінгі мекемеде музыка залы бар,спорт залы  сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, медбике, кабинеттері талапқа сай жабдықталған. Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машиналар, тоңазытқыштар, үтіктермен т.б. балабақшаға қажетті  заттармен жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Асхана бөлмесі қажетті құралдармен толық жаңартылып талапқа сай жабдықталған, Сан Пин талаптарына сай. Ас әзірлейтін бөлме - электроплитамен, пеш, сужылтқыш, мұздатқыш, тоңазтқыш, электреттартқыш, дайын және шикі күйіндегі азық-түліктерге арналған үстелдер, ас үй жабдықтары нөмірленген, санитарлық талаптарға сай. Шикі өнімдерді сақтайтын қоймалар бар. Өнімдер сертификаттары талапқа сай жинақталған. Өнімдерді тіркейтін кіріс шығыс журналдары жүргізіледі.

**Тәрбиеленушілердің білімін бағалау,білім деңгейінің диоагностикасы**

«Бағдарлама» салалары бойынша балалардың білім деңгейінің диагностикасы, оқыту нәтижелері:
Барлық бағаланатын оқу жылдары бойынша үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Мониторингтің мақсаты: - баланың жетістіктерін қадағалау; балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау. Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылған. Алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылған. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімінде диагностика мәліметтерінің қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырған.Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылған.  Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтады. Нәтижесінде оқу жылының соңында Мониторингтің *объектісі* балалардың жасымен «Физикалық», «Коммунткативтік», «Танымдық және зияткерлік», «Шығармашылық», «Әлеуметтік-эмоционалды» білім беру дағдылары  бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және басқа да жеке қасиеттері ескерілді.Диагностикалық бақылау нәтижесінде біліктер мен дағдылардың даму деңгейін қорытындылай отырып,баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімінде диагностика мәліметтерінің қорытындысы бойынша балалармен жұмыстар атқарылған.

Балабақшаның тәрбиеленушілерінің оқу бағдарлама мазмұнын игеруі бойынша корытынды даму мониторингінің жиынтық есебі

**Жиынтық есеп**

2021-2022оқу жылында ЖШС «МДҰ Кен и Барби» балабақшасының

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша корытынды даму мониторинг нәтижелері.

| **№** | **Топтың/сыныптың атауы** | **Бала саны** | **I деңгей** | **II деңгей** | **III деңгей** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | «Почемучки» ортаңғы топ | 29 | 0 | 5 | 24 |
| 2. | «АБВГДейка» ересек топ | 30 | 0 | 10 | 20 |
| 3 | «Всезнайки» мектепалды топ | 17 | 0 | 3 | 14 |
| **Барлығы** | | 76 | 0 | 18 | 58 |
| | | | Төмен деңгейдегі балалардың Үлесі **0%** | Орташа деңгейдегі балалардың үлесі **24 %** | Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі **76 %** |

**Жиынтық есеп**

2022-2023 оқу жылында ЖШС «МДҰ Кен и Барби» балабақшасының

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша корытынды даму мониторинг нәтижелері.

| Жас ерекшелік топтары | Балалар саны | Физикалық қасиеттерді дамыту | | | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | | | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту | | | Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту | | | Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | | | БАРЛЫҒЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | % | олардың ішінде орташа деңгей | % | олардың ішінде төмен деңгей | % |
| Ортаңғы топ | 37 | 28 | 7 | 2 | 25 | 9 | 3 | 26 | 9 | 2 | 25 | 12 | 0 | 26 | 10 | 1 | 130 | 26 | 47 | 10 | 8 | 1 |
| Ересек топ | 25 | 21 | 4 | 0 | 22 | 3 | 0 | 22 | 3 | 0 | 24 | 1 | 0 | 21 | 4 | 0 | 110 | 22 | 15 | 3 | 0 | 0 |
| Мектепалды | 15 | 15 | 0 | 0 | 13 | 2 | 0 | 10 | 5 | 0 | 10 | 5 | 0 | 14 | 1 | 0 | 62 | 12 | 13 | 3 | 0 | 0 |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| тобы | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| **Барлығы** | **77** | **64** | **11** | **2** | **60** | **14** | **3** | **58** | **17** | **2** | **59** | **18** | **0** | **61** | **15** | **1** | **302** | **60** | **75** | **16** | **8** | **1** |
| **%** | **100** | **83** | **14** | **3** | **78** | **18** | **4** | **75** | **22** | **3** | **77** | **23** | **0** | **80** | **19** | **1** | | | | | | |

**Жиынтық есеп**

2023-2024 оқу жылында ЖШС «МДҰ Кен и Барби» балабақшасының

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша **<u>аралық-қаңтар</u>** даму мониторинг нәтижелері.

| Жас ерекшелік топтары | Балалар саны | Физикалық қасиеттерді дамыту | | | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | | | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту | | | Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту | | | Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | | | БАРЛЫҒЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | % | олардың ішінде орташа деңгей | % | олардың ішінде төмен деңгей | % |
| Ортаңғы топ | 22 | 13 | 9 | 0 | 13 | 9 | 0 | 12 | 10 | 0 | 11 | 11 | 0 | 11 | 11 | 0 | 60 | 12 | 50 | 10 | 0 | 0 |
| Ересек топ | 25 | 19 | 6 | 0 | 16 | 8 | 1 | 17 | 8 | 0 | 16 | 9 | 0 | 18 | 7 | 0 | 86 | 17 | 39 | 8 | 1 | 0,2 |
| Мектепалды тобы | 26 | 15 | 11 | 0 | 8 | 18 | 0 | 17 | 9 | 0 | 4 | 22 | 0 | 8 | 14 | 4 | 52 | 10 | 69 | 14 | 4 | 0,8 |
| **Барлығы** | **73** | **47** | **26** | **0** | **37** | **35** | **1** | **46** | **27** | **0** | **31** | **42** | **0** | **37** | **32** | **4** | **198** | **39** | **158** | **32** | **5** | **1** |
| **%** | **100** | **65** | **35** | **0** | **51** | **49** | **1** | **63** | **37** | **0** | **43** | **57** | **0** | **50** | **44** | **6** | | | | | | |

**Жиынтық есеп**

2023-2024 оқу жылында ЖШС «МДҰ Кен и Барби» балабақшасының

Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша **<u>қорытынды-мамыр</u>** даму мониторинг нәтижелері

| Жас ерекшелік топтары | Балалар саны | Физикалық қасиеттерді дамыту | | | Коммуникативтік дағдыларды дамыту | | | Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту | | | Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту | | | Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру | | | БАРЛЫҒЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | олардың ішінде орташа деңгей | олардың ішінде төмен деңгей | олардың ішінде жоғары деңгей | % | олардың ішінде орташа деңгей | % | олардың ішінде төмен деңгей | % |
| Ортаңғы топ | 25 | 14 | 10 | 1 | 13 | 10 | 2 | 10 | 14 | 1 | 15 | 6 | 4 | 12 | 12 | 1 | 64 | 12 | 52 | 10 | 9 | 3 |
| Ересек топ | 25 | 20 | 4 | 1 | 20 | 4 | 1 | 17 | 8 | 0 | 15 | 10 | 0 | 19 | 6 | 0 | 91 | 18 | 32 | 6 | 2 | 1 |
| Мектепалды тобы | 25 | 18 | 7 | 0 | 16 | 9 | 0 | 15 | 10 | 0 | 15 | 9 | 1 | 16 | 8 | 1 | 80 | 16 | 43 | 8 | 2 | 1 |
| **Барлығы** | **75** | **52** | **21** | **2** | **49** | **23** | **3** | **42** | **32** | **1** | **45** | **25** | **5** | **47** | **26** | **2** | 235 | **46** | 127 | **24** | 13 | **5** |
| **%** | **100** | 69 | 28 | 3 | 65 | 31 | 4 | 56 | 43 | 1 | 60 | 33 | 7 | 63 | 35 | 2 | | | | | | |

**Ата-аналармен және педагогтармен өткізген сауалнама қорытындысы**

Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнама қорытындысы
Мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнаманың мақсаты: балабақша деңгейін анықтау.
Талдау нәтижелері: Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдерінің сауалнамаларының нәтижелеріне зерттеу жүргізілді. Сауалнама балалардың білім, білік, дағды көлемін меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған. Осыған орай «Всезнайки» мектепалды топтарының ата-аналарымен сауалнама жүргізіліп нәтижесі шығарылды.

Сауалнама 2024 жылдың 29 наурызында өткізілді. Балабақшаның мектепалды тобында барлығы 25 бала тәрбиеленуде. Сауалнамаға барлық ата-аналар қатысты. Ата-аналар толтырған сауалнаманың түп нұсқалары алынып, талдау жасалынды.
Сауалнамаға қатысқан ата-аналар саны – 25
Қатыспаған ата-аналар саны – 0
Балабақша жұмысының жоғары деңгейлі көрсеткіші- 84 %

2023 жылы 29 наурыз күні «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы МКҚК- ның педагогтері арасында телеграмм желісі арқылы сауалнама жүргізілді.
Балабақша бойынша тізімдегі педагогтер саны – 8
Сауалнамаға қатысқан педагогтер саны – 7
Қатыспағаны – 1 (меңгеруші)
Сауалнамаға берілген жауаптары бойынша -85 % құрады.
Балабақша ұжымының іскерлік қарым – қатынасы мен қызметі қанағаттанарлық деп танылып, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне шағымдары мен ұсыныстары жоқ.
Ақтөбе қаласының ЖШС «МДҰ Кен и Барби» балабақшасы» өзін-өзі аттестаттау қорытындысының анықтамасында көрсетілген жұмыстар http://kenibarbisad.edu.kz/ саитында 2023 – 2024 оқу жылы бойынша толық көрсетілген.

**Өзін-өзі аттестаттау қорытындысы**

**Қорытынды:**Мектепке дейінгі мекеменің басқару қызметі «қанағаттанарлық» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия ЖШС «МДҰ кен и Барби» балабақшасында өткен өзін-өзі бағалауды негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдайды:
1. Өзін – өзі бағалау қорытындысының есебі кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысында қамқоршылық кеңес мүшелерінің назарына ұсынылсын.
2. ЖШС «МДҰ кен и Барби» балабақшасы «мектепке дейінгі мекеме» мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрағасы: Б.С Төлемісова -меңгеруші;
Өзін-өзі бағалау комиссиясы
төрағасының орынбасары Г.С. Бисенова -әдіскер;
Комиссия мүшелері:
Ата-ана: Абдрахманова Р
Тәрбиеші: Әжібаева Г.А
Медбике: Каримова А.Б
Хатшы: Рейх -Мушатова А.Э